

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
28.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 28.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

**ИМАШЕВА С.В.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Ұсынылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы жұмыс тобының он бес отырысында егжей-тегжейлі қаралды.

Жалпы алғанда, қаралған өзгерістер 61 заңға, соның ішінде 15 кодекске қатысты.

Енгізілген нормалар Қазақстан Республикасы Президентінің жекелеген өкілеттіктерін таратуды, биліктің өкілді тармағын қайта форматтауды, сайлау жүйесін жетілдіруді және сайлау процесін жаңғыртуды, әкімдерді тағайындау мен сайлау тәртібін өзгертуді, саяси партияларды тіркеу рәсімдерін оңайлатуды, Конституциялық Соттың Төрағасын және судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы және Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің саяси партияда мүшелігін тоқтатуды, заң шығару рәсімін өзгертуді, құқықтық қорғау институттарын күшейтуді, жерге және жер қойнауына, суларға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, басқа да табиғи ресурстарға қатысты халық меншігін белгілеуді көздейді.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын және Конституцияның өзгерген ережелерін іске асыру үшін басқа да заңнамалық актілерге түзетулерді енгізуге бастамашылық жасады.

Сонымен бірге заң техникасын нақтылайтын және редакциялық сипаттағы заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша түзетулер енгізілді.

Заң жобасын саяси партиялар, сарапшылар, ғалымдар жан-жақты талқылады, өздерінің оң бағаларын берді.

Заң жобасын қарауға белсенді қатысқаны үшін жұмыс тобының мүшелеріне, мемлекеттік органдардың өкілдеріне, ғалымдарға, сарапшыларға, үкіметтік емес ұйымдарға, сонымен қатар Мәжілістің қызметкерлеріне атқарылған ауқымды жұмыс үшін алғысымды білдіремін.

Құрметті әріптестер, аталмыш заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз болмаса, онда осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



*Дүние: Құжаттанашпен қамтамасыз ету  
Әлеуметтік саясат меңгерушісі  
Майя Н. Шағынтаев.*